

## Шу ауданының Жаңажол ауылдық округін және Жуалы ауданының Тоғызтарау ауылдық округін құру туралы

Жамбыл облыстық әкімшілігінің 2005 жылғы 27 қазандағы N 297 қаулысы және Жамбыл облыстық мәслихатының 2005 жылғы 28 қазандағы N 11-8 шешімі. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2005 жылғы 30 қарашада N 1628 тіркелді.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып облыстық әкімшілігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Шу ауданының Ескішу ауылдық округі құрамынан Жаңажол ауылы бөлініп орталығы Жаңажол ауылы болатын Жаңажол ауылдық округі, Жуалы ауданының Билікөл ауылдық округі құрамынан Тоғызтарау, Құмсуат және Жаңа өткел ауылдары бөлініп орталығы Тоғызтарау ауылы болатын Тоғызтарау ауылдық округі құрылсын.

2. Жуалы және Шу аудандарының әкімдері заңнамамен белгіленген тәртіпте аудан бюджеттеріне тиісті өзгертулер енгізісін.

3. Осы нормативтік құқықтық акт Жамбыл облысының Әділет департаментінен мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

Қ. Демешев	Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы	Облыс әкімі Б. ЖЕКСЕМБИН
Ә. ӘСІЛБЕКОВ	Облыстық мәслихат х а т ш ы с ы	